

## Шымкент қаласында коммуналдық қалдықтардың түзілу және жинақталу нормаларын бекіту туралы

### *Күшін жойған*

Оңтүстік Қазақстан облысы Шымкент қалалық мәслихатының 2017 жылғы 28 маусымдағы № 17/155-6с шешімі. Оңтүстік Қазақстан облысының Әділет департаментінде 2017 жылғы 18 шілдеде № 4161 болып тіркелді. Күші жойылды - Шымкент қаласы мәслихатының 2022 жылғы 12 тамыздағы № 20/179-VII шешімімен

**Ескерту. Күші жойылды - Шымкент қаласы мәслихатының 12.08.2022 № 20/179-VII шешімімен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).**

Қазақстан Республикасының 2007 жылғы 9 қаңтардағы Экологиялық кодексінің 19-1 бабының 1) тармақшасына, "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы Заңының 6 бабының 1 тармағының 15) тармақшасына және "Коммуналдық қалдықтардың түзілу және жинақталу нормаларын есептеудің үлгілік қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Энергетика министрінің 2014 жылғы 25 қарашадағы № 145 бұйрығына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 10030 тіркелген) сәйкес, Шымкент қалалық мәслихаты **ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:**

1. Шымкент қаласында коммуналдық қалдықтардың түзілу және жинақталу нормалары осы шешімнің қосымшасына сәйкес бекітілсін.

2. Осы шешім оның алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Қалалық мәслихат  
сессиясының төрағасы  
Қалалық мәслихат  
хатшысы

*Е.Дәрменов*

*Н.Бекназаров*

Шымкент қалалық  
мәслихатының 2017 жылғы  
"28" маусымдағы  
№ 17/155-6с шешіміне  
қосымша

## Шымкент қаласында коммуналдық қалдықтардың түзілу және жинақталу нормалары

№	Коммуналдық қалдықтар жинақталатын объектілер	Есептік бірлік	Жылдық жинақталу нормасы, м3

1	Жайлы және Жайлы емес үйлер	1 тұрғын	1,7 2,0
2	Жатақханалар, интернаттар, балалар үйлері, қарттар үйлері және сол сияқтылар	1 орын	1,2
3	Қонақүйлер, санаторийлер, демалыс үйлері	1 орын	1,2
4	Балабақшалар, бөбекжайлар	1 орын	0,24
5	Мекемелер, ұйымдар, офистер, кеңселер, жинақ банктері, байланыс бөлімшелері	1 қызметкер	1,4
6	Емханалар	1 адам	0,02
7	Ауруханалар, санаторийлер, өзге де емдеу-сауықтыру мекемелері	1 төсек орын	1,0
8	Мектептер және өзге де оқу орындары	1 оқушы	0,06
9	Мейрамханалар, дәмханалар, қоғамдық тамақтану мекемелері	1 орын	1,5
10	Театрлар, кинотеатрлар, концерт залдары, түнгі клубтар	1 орын	0,26
11	Мұражайлар, көрмелер	Жалпы алаңы 1 м2	--
12	Стадиондар, спорт алаңдары	Жоба бойынша 1 орын	1,2
13	Спорт, би және ойын залдары	Жалпы алаңы 1 м2	1,2
14	Азық-түлік дүкендері	Сауда алаңы 1 м2	1,2
15	Машиналардан сату	Сауда алаңы 1 м2	1,4
16	Өнер кәсіптік дүкендер, супермаркеттер	Сауда алаңы 1 м2	0,8
17	Базарлар, сауда павильондары, дүңгіршектер, сөрелер	Сауда алаңы 1 м2	0,55
18	Азық-түлік тауарларының көтерме базалары, қоймалары	Жалпы алаңы 1 м2	0,02
19	Өнер кәсіптік тауарлардың көтерме базалары, қоймалары	Жалпы алаңы 1 м2	0,02

20	Тұрмыстық қызмет көрсету үйі: халыққа қызмет көрсету	Жалпы алаңы 1 м2	--
21	Вокзалдар, автовокзалдар, әуежайлар	Жалпы алаңы 1 м2	0,59
22	Жағажайлар	Жалпы алаңы 1 м2	--
23	Дәріханалар	Сауда алаңы 1 м2	0,38
24	Автотұрақтар, автомобильді жуу орындары, АЖС, гараждар	1 машина-орын	1,4
25	Автомобиль шеберханалары	1 жұмысшы	0,85
26	Гараж кооперативтері	1 гаражға	--
27	Шаштараздар, косметикалық салондар	1 жұмысорны	2,2
28	Кір жуатын орындар, химиялық тазалау орындары, тұрмыстық техниканы жөндеу орындары, тігін ательесі	Жалпы алаңы 1 м2	0,56
29	Зергерлік, аяқ киімді, сағаттарды жөндеу шеберханалары	Жалпы алаңы 1 м2	0,75
30	Жөндеу және қызмет көрсету орындары (кілттер жасау)	1 жұмыс орны	0,55
31	Моншалар, сауналар	Жалпы алаңы 1 м2	1,15
32	Қаланың аумағында жаппай іс-шаралар ұйымдастыратын заңды ұйымдар	1000 қатысушы	--
33	Бау-бақша кооперативтері	1 учаске	--